


84 Қазғ
М 88

**МАРАТ
ЫСҚАҚОВ**



**ДАРКАН
КӨҢІЛ**



**МАРАТ
ЫСҚАҚОВ**

**ДАРКАН
КОҢІЛ**

Өлеңдер

**«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
А л м а т ы — 1981**

Ысқақов Марат.
Ы 88 Дарқан көңіл: Өлеңдер.— Алматы:
Жазушы, 1981.— 88 бет.

Марат Ысқақовтың «Дарқан көңіл» аталатын бұз
жинағына әртүрлі тақырыпта жазған өлеңдері енді.
Ақын бұл өлеңдерінде тұған ел, өскен жер, совет
адамдарының Отанға деген махаббатын, жан дүниесін.
өз замандастарының едебегін жырлайды.

Каз

И ~~402(05)81~~ 70700—062 — 85—81 4702230300

© «Жазушы» — 1981

Бірінші бөлім

ТУФАН ЖЕРДІҢ ТӨСІНДЕ

БАҚЫТ БАСТАУЫ

**Октябрь — бақ таңым,
Шапағы алаулы.
Мен де сол саптамын
Алқызыл жалаулы.**

**Куаныш актарып,
Адамдар шалқыған.
Жүрөгі шаттанып
Барады айтып эн.**

**Құшағын жаяды,
Құлімдел күзгі күн.
Сәулесін құяды
Тойлаймыз біз бүгін.**

**Октябрь алыбым,
Кемелді жасында.
Жылдарды жарып үн
Жетеді ғасырға.**

**Көтерген биікке
Достықтың ұранын.
Әлемге сүйікті
СССР — тұрағым.**

**Еседі жыр-әннің
Жалыны жүректен.
Женімпаз ұланмын
Октябрь тұлеткен.**

**Мәңгіле құриды
Теңдіктің қас жауы.
Октябрь — ұлы күн,
Бақыттың бастауы.**

ЖҰМЫСШЫ

Күні-тұні ойлаумен жұрттың қамын,
Куантады тың іске ұмтылғаның.
Жұмысшы бол ҳалқыңа қызмет қылған
Жігерінен жұлқынған жыр тыңдадым.

Балалықтың шынығып бал күнінен,
Жұмысшы деп аталған жанды білем.
Сенің даусың жетеді жүректерге
Солқылдатқан дүниені балға үнімен.

Құлак тоса осы бір ерлік үнге,
Жырға қосам сүйсініп сені күнде.
Болат балға, шаруа орағымен
Қалды мәңгі белгі бол гербімде.

МИЛЛИАРД

Бізде заң —
ер ісіне ел сенеді,
Әр күнім — уақыттың зор бөлшегі.
Болашаққа жасаған қадамымыз
Бұл күнде Миллиардпен өлшенеді.

Мұны есту құлаққа қандай керім,
Бақ жұлдызын әлемнің таңдайды елім.
Миллиард деген —
тау-астық қырмандағы,
Миллиард деген —
Төгілген мандай терім.

Миллиард ол —
куатым бойымдағы,

Шынға айналған қиялым ойымдағы.
Миллиард — нан, келешек, бейбіт өмір,
Мұны тегіс дүние мойындады.

Миллиард ол —
он қатар сан тізбегі,
Байлық артқан керуениң сансыз легі.
Кім айтады қалар деп нансыз мені,
Кім айтады қалар деп әнсіз мені!

Біздің жүрек осылай жыр құраған,
Нансыз, әнсіз болмайды бір күн адам.
Даламыздан біздердің о бастан-ақ
Оқ-дәрі емес, нан исі бұрқыраған.

Тұрмыз тағы астықты мол ап бүгін,
Білгеннен соң дән тілін, орақ тілін.
Әлі талай Миллиард паш етеді
Қазақстан тыңының жомарттығын!

ТЫҢДАҒЫ ТРАКТОР

Тұғырда тұр шынжыр табан трактор,
Жай тұрган жок көрініске бірақ бұл.
Мына өлкеде оның ізі тұспеген
Қарыс жер жок, еңіс, жота, қырат-қыр.

Тұрғандай ол шолып қарап беткейді,
Ауылдағы көне көздей көптейгі.
Келген адам тамашалап тұрпатын
Бір айналып шықпай оны кетпейді.

Аймалаған самал сүйіп бетімді,
Тұрмын мен де ойға шомып не түрлі.

**Осы «ДТ» өз міндетін атқарып,
Пенсияға шыққан адам секілді.**

**Бұл туралы сан шежіре сақталған,
Сұрап білдім жергілікті қарттардан.
Бұл трактор шыңға бастап шабуыл,
Бірінші бол осы ауылдан аттанған.**

**Көз көрмейтін борандарда, дауылда,
Жаздың аптағ жалын атқан шағында.
Жас жігіттің тізгіндеген қолымен
Тоқтамастан жүріпті ылғи бабында.**

**Шегінбеген, жаңылмаған қарқыннан,
Темір тұлпар үнемі алға талпынған.
Жыртып өткен жолдарында жыл сайын
Жайқалыпты дариядай алтын дән.**

**Жан баспаған таулар төсін тосыпты,
Жолбарыстай ну қамыста жосыпты.
Тың төсінде тау тұрғызыған астықтан
Мilliардқа лайықты үлес қосыпты.**

**Куә болып зеңгір көкте нұрлы күн,
Сый ғып тағып ақындардың жыр гүлін.
Тың тарихтың тұғырында еңселі
Қыран құсан қара «ДТ» тұр бүгін.**

ЖЫР АРҚАУЫ

Ұзілмейтін арқау бар өлеңде де,
Сыймайтұғын ешқандай көлемге де.
Ұзілмейтін арқау бар, ұлы ұғым бар
Бұған қарсы дау айтса көнем неге.

Бас арқауым — жырларым халқым жайлы,
Қанатсыз сөз бұл тұста айтылмайды.
Халқым жайлы сейлесем алқынбаймын,
Халқым жайлы жырласам сарқылмаймын.

Үйренуге мен одан жалықпадым,
Сол арқылы шығармын жарыққа мың.
Халқым мені түлетті бесігімде
Ойлау парыз маган да халық қамын.

Жиі-жій өзінмен жүздесем мен,
Бір сұхбатта арылам жүз кеселден.
Саған келіп алдымен құлақ тосам,
Домбыраға бір әуен іздесем мен.

Сені ойлаймын қаламды қолға аларда,
Қыраның боп төбеден сергаларда.
Саған келіп алдымен жөн сұраймын
Адам жайлы, ар жайлы толғанарда.

Кедергіге, керілген арқандарға,
Қектей өтем тоқтамай,
тартам да алға.
Уа, халқым, деп сиынам құдіретіңе
Атой сап қындықты талқандарда.

Данқты ғой ежелден халқым менің,
Ерлік, өнер таратқан салтың керім.

**Ұрпактардан ұрпакқа жалғасатын
Қасиеті сарқылмас алтын кенім!**

**Сенде менің,
уа, халқым,
күш-куатым,
Келді кезім, келелі іс қылатын.
Асу бермес қияңа аттанайын
Мінгіз маған қиялдың ұшқыр атын.**

**Күш-куатым,
уа, халқым,
сенде менің,
Саған қарап бой түзеп сәнденемін.
Досыңа мен құшақ бол ашыламын,
Қылыш болып жауыңа сермелемін.**

**Ақыңтай шықсын деп алып тауға,
Қанат бердің биікте қалықтауға.
Алдыңа әкеп қеудемді тосамын мен
Ақ жаныңа жарақат дарытпауға.**

**Аспандагы айым сен,
күнім де сен,
Жүргегімен ұдайы бір үндесем.
Саған қолын салғанның қолын шабам,
Тіл тигізген есердің тілін кесем.**

**Парасаттың,
уа, халқым,
мектебісің,
Ұрпағыңмен мәңгілік көктер ісің.
Тым бакытты сезінем,
өзінменен
Бірге менің өмірім өткені үшін.**

Сен тұрғанда халқым-ау, қарсы алдымда,
Әсте мен, жыр жазуға шаршармын ба.
Колыма құдіретті қалам бердің,
Кеудеме тыншымайтын жан салдың да.

Жыр ұшырмай енді мен отыра алман,
Отыра алмас зауламай ақын-арман.
Бой көтерем шың болып Алатаудан,
Жарқыраймын айдын боп Атыраудан-

Күмбір күй боп шертілем шанағында,
Куаныш боп көрінем қабағында.
Сай-саланда есемін самалың бол,
Кегалың боп жайқалам танабында.

Боз жорғаның саламын бұлкіліне,
Кек аспанның ұқсаймын күркіріне.
Жас арудың бұрымын жібектейін
Жалғастырып өремін жыр тініне.

Сар қымыз боп сабада сапырылам,
Дәріс алам дананың ақылынан.
Менің легім — қыннан қаймықпайтын
Өмір өзі шындаған батыр ұлан.

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТЫҚ

Сұлулығын теңеймін гүл шоғына,
Күш-жігері алыштай,
білші оны да.
Тірліктегі қырсықты, қыңырлықты
Құртпай қоймас түссе егер қыр соңына.

Асқақ күйін шерткен шаттығымның,
Жанарына алауын жакты күннің.

**Сынға тұскен кезімде болған талай
Күәгері айнадай пәктігімнің.**

**Сен туралы жыр-аңыз жатыр есіп,
Ер ісінен түледі батыр есіп.
Қатарыңнан әлі де шығар талай
Корчагин мен Кошевой, Матросов.**

**Жарқыл қағып жайнаған нұр өңінде,
Оның күші — балғанда, түренінде.
Сол жастықтың маздаған отыменен
Жыр туады жалынды жүрегімде.**

* * *

**Келеді елім, нықтап басып оңға адым,
Дәлелдеумен бақыт құсы қонғанын.
Сонда-дағы кетпейді естен қорқыныш,
Кетпейді үні құлактардан бомбаның.**

**Бейбіт өмір сүру үшін адамдар,
Қолға алынсын қайла мен тек қаламдар.
Атылмасын ажал оғы мылтықтан
Оқтан әлі жазылмаған жарам бар.**

**Бейбіт күнмен көңіл бағы көгерсін,
Тірлік үшін қызмет қылсын өнер шын.
Үзілмесін бөбектің шат құлкісі
Шошымасын ак қауырсын көгершін.**

* * *

Адам болу — абырой — ардақты ісің,
Әркім соған жұмсайды арнап күшін.
Қажет болса жүктөрдің көтеремін,
Он еседей өзімнен салмақтысын.

Іскерлікті адамдық ар таңдаған,
Ар жібіне мәңгілік арқандаған.
Ақтай алман адамды тірлігінде
Бойындағы бар күшін сарқа алмаған.

* * *

Ауырдың үсті,
Женілдің асты,
Шіркін! — деп,
Ығысатындар бар, сол жаққа қарай біртінде,
Женіл іс бар деп желіккендерге өмірде
Кейде ыза болып,
отырам кейде күлкім кеп.

Ақтаудан қашып адамның аппак сенімін,
Іздейтіндер бар-ау
әр жерден істің «женілін».
Өз ұғымымда женіл іс деген болмайды,
Ауырдан қашу —
Азамат үшін, тегі, мін.

Болады ауыр зат емес тіpten ер көңіл,
Салмағы жоқтар, мазмұны жоқтар —
жеп-жеңіл.
Осындай күйде көбік боп көкке үшқанша
Ар жүгін батпан
арқалап ал да
жерге кір.

Жеңілtek адам —
көлбендең ұшқан көбелек,
Жүре алмақ емес ауырдан үлес бөле жеп.
Көтере алмасаң иығыңа түскен салмақты
Тірі бол жерде өмір сүргенің не керек.

Аралап, таңдал
жанына ғана жайлышын,
Міндептten ауыр қашады кәне,
қай кісің?
Қажет болғанда
әлемнің мынау тегістей,
Көтеру керек
Куанышы менен қайғысын.

* * *

Мұрша болмай, кейде сирек көз ілем,
Арқамдағы ауыр жүктен езілем.
Ертелі-кеш мойынтурық сүйреген,
Кейде өзімді бір күштідей сезінем.

Тартып жүкті ілгеріге мен кеттім,
Ұзақ жолда сезінемін сергек тым.
Шаршау қайда,
қайта түлеп құлпырам,
Бойға сіңген рақатымен еңбектің.

КӨҢІЛ КӨРКІ — ТУҒАН ЖЕР

Өзінен өлең-жырдың теріп тұлін,
Тыптырышиды кеудемді кернеп бір үн.
Шалқып жатқан Атырау айдыныңдай
Жаным менің кетті ғой кеңіп бүгін.

Арқасында өзіндей кеңістіктің,
Еңкейте алар еңсемді еңіс қып кім.
Мәуелейтін жөнім бар,
туған елім,
Міндег артып, сен менен жеміс күттің.

Арзан жолмен жеткем жок бұл күнге мен,
Кедергіге кезіккен іркілмегем.
Жүргімде келеді лаулаш жанып,
Махаббатым —
бір сенсің, жұртый, деген.

Сол сенімім әрқашан табыстырыды,
Алып кірді үйіме алыс қырды.
Киялымды самғатып қия шыңға,
Ойларымды толқынмен жарыстырыды.

Болмасам да бір дүлдүл жұрттан асқан,
Маған шуақ төгіпті аппак аспан.
Жаралғандай өзімді сезінем мен
Жемісті мол беретін құтты ағаштан.

Туған жер деп ең алғаш жыр бастағам,
Достарым көп бұл күнде сыйлас маған.
Ел-жұртыйның алдында борышым көп,
Жүктерім де жетеді жинаспаған.

Самғап ұшып болашақ сапарларға,
Болсам деп ем алдағы қатарларда.

Канат бердің самға деп,
ардақты елім,
Канаттылар ұяда жата алған ба?!

Болсақ егер бүкпесіз таза мақтар,
Ел тірегі — еңселі азаматтар.
Ту астында алады қас жүлдені
Тұлпарлар мен тек қана қазанаттар.

Мен жұртыймен шадыман мәз екенмін,
Тұған жермен кең жайлау жаз екенмін.
Шын жүректен қуанып, мақтан тұтам
Болғанымды бір ұлы қазекемнің.

Мен жұртыймен іргелі ел екенмін,
Елім — көзі
барым мен берекемнің.
Кең пейілін халқымның шалқып жатқан
Болашаққа апарам төр етем мың.

* * *

О, тұған жер!
Сүйкімді атырабың,
Кей сәтте өзінді ойлап отырамын.
Қалы кілем секілді сезілетін
Табанымды басқанда топырағың.

Өмір деген тым ұзак жолда мына,
Жөн сілтедің адаспас алдағыма.
Биік бол деп шығардың шындарыңа,
Содан әрі жетсін деп арманына.

Жылдар мені балғын деп баласындың,
Ұқым сырын сендегі жарасымның.
Карсы алдынан ыстых бен аныласың
Құшағындағ ~~бісіб~~ Менің ~~кальмың~~ даңдық

Бұғін шабыт несерін селдетеін,
Киялымның қанатын серметеін.
Әлдіңмен тербеп ең бесігімді
Енді өзінді жырыммен тербетейін,
О, туған жер!

* * *

Туған жерге оралып келем бұғін,
Қырларынан қуалап терем гүлін.
Осы жерден мен алғаш аттанып ем
Арқаланып қайтуға өнер жүгін.

Үстықсың ғой о бастаи, шіркін, далам,
Думаныңда ән салып, күй тындағам.
Бір жақсылық өзіңе жасаймын деп
Болушы еді кей күндер үйқым да алаң

Құрық салып жылқының ірісіне
Үйретіп ем асауды құм ішінде.
Тостым талай құлақты бозторғайдың
Көмейінен шырқалған күміс үнге.

Көктен төмен қыран құс құлдырайтын,
Естілетін қанаттың судыры айқын.
Аппақ толқын басқандай боз даланы
Көкжиекте көк сағым бұлдырайтын.

Сол сағым бол ұстаптай зытып үміт,
Асау мөңкіп жүргенде құтырынып,
Балалығым осы бір құм ішінде
Қанжығамнан қалыпты сыпрылып.

НАРЫНДА

Нарын десе толғанып, тоқталам мен,
Қыран құстай үшуға оқталам мен.
Шын ерліктің осы жер ескерткіші
Ағып өткен Исатай, Ақтабанмен.
Қара бұлттар қаптап кеп жан-жағынан,
Елді айырған аяулы ардағынан.
Ақырғы рет жарқ етіп Наркескені
Жерге сыйнып түсіпті балдағынан.
Аңғал ерден жауыздың құлығы асып,
Тояттапты көтерген туды басып.
Дұшпандары тастапты қанға жуып
Қас батырдың ақсауыт, дулығасын.
Талай боздақ ауасын жұтты-ау мұнда,
Карсы шапқан сескенбей от-дауылға.
Осы жерде жас Құрман күйін шерткен
Махамбеттің қосылып жоқтауына.

* * *

Арғымактай бәйгеде арындарқан,
Күй еседі екпінді Нарын жақтан.
Күйден қанат бітіріп шабытыңа
Өнер сүйсөң,
өзіңнің бағың да артқан.

Күй туыпты ызалы құм устінде,
Мұң шағыпты аспанда күміс күнге.
Зұлымдықтың айқаста жон-терісін
Күй-қыранның шенгелі бүрістірген.

Пернесінде жорытқандай ақсақ киік,
Күмбірлейді Құрманың асқақ күйі.
Күйге қоса Махамбет жырын жаттап,
Оятады кеуденді мақсат биік.

ҚАНДЫ ҚАЗА

Баллада

Таңдана әлде неге күйініп кеп,
Отырды батыр бүгін түйіліп көп.
Өткен тұні түсінде тәжім еткен
Өз басы қарсы алдына іліп кеп.

Мұндай түске бола ма таңданбасқа,
Қапы қалған жауынан алданбас па.
Түс жорып ол тағдырын қарғап отыр
Жалғыздықтың азабын салған басқа...

Бүгін ерте Қаройдың батты күні,
Қыр астынан естілді ат дүбірі.
Баймағамбет сұлтанның қорқаулары
Тіміскілең,
ақыры тапты мұны.

Келеді әне,
сұлтанның он аттысы,
Бейуақтағы бұл қандай «қонақ» кісі?
Өзгелері қалды да,
топ ішінен
Жолым үйге бұрылды торы аттысы.

Самсап сонда қолы тұр
ол ықсын ба,
Дауыстады:
— Кім бар, ей, жолықсын да!..
Қару ілмей Махамбет шыға келді,
Исі батыр болған соң қорықсын ба.

— Мен, Үқылас, Төлейдің баласы,— деп,
— Ағы менен көзінің қарасы,— деп.

**Жалаң сары атынан қарғып тұсті,
— Ассалау мағалейкум, нағашы! — деп.**

**— Көршіміздің ұрылар малын талап,
Кетті үйір жылқысын барымталап.
Апта болды сабылып іздең жүрміз,
Сәті түссе қайтпақпыз қарымталап.**

**Топ ішінде осы еді ептірегі,
Іште бұғып жауыздық,
бет күледі.
«Доссымағын» көргенде шыдай алмай,
Еріп кетті батырдың ет жүрегі.**

**Батыр айтты:
— Бүгінше тынығындар,
Таң атқанша ширығып, шынығындар.
Балбыратып астырам бағыланды,
Сары сабада сактаған қымызым бар...**

**Мақтап қойып әкелген жиынына,
«Ұнай ма деп нағашым сыйы мына».
Оң жағында отырған Махамбеттің
Асылды кеп Үқылас иығына.**

**Білмесе де сыртынан бас салды кім,
Сезді батыр дүшпанның қастандығын.
Сүйреп шықты далаға бес-алтауын,
Қайратының көрсетіп астамдырын.**

**Лақтырып жүр өзіне жармасқанын,
Арпалыса қорғауда,
ол бас қамын.**

**Зытып барып Үқылас алып шықты,
Іште қалған батырдың алдаспанын.**

Көтерілді алмастың жүзі биік,
Тура шапса тасты да кетер қып.
Ай жүзіне шағылып жалт еткенде
Менмен басын

Махамбет жығылды иіп.

Білмеді тұн:
Кім өлді, кім құтылды,
Қызыл құмға жып-жылы қан жұтылды.
Куә болып қалуға қаймыққандай
Таң атқанша аспанда ай тұтылды.

Содан бері талай жыл,
ғасыр еткен,
Болмас мұнан жауыздық асып еткен.
Еңіреген елі үшін қайран ердің
Қанжығада осылай басы кеткен.

АЛАТАУ

Өремнің өр қиялы биігісің,
Ойымның тоқсан тарау түйінісің.
Шалқыған шабытимның асқарысың
Қызығы басылмайтын сүйінішім.

Жанымды жадыратқан саялысың,
Еркелеп құшағымды жаямын шын.
Кол жетпес арманымдай,
Алатаям —
Айбарым, арқа сүйер таянышым.

Әлемде асқан сұлу жер(сен дедім,
Өйткені жай өлшеммен өлшенбедің.
Көз жетпес шындарыңа қараймын деп
Көтеріле береді еңсем менің.

ЕСІК КҮЗІ

* * *

Шеберлер көп мұсіндер көркемдікті,
Шебер қолдан туады өркен мықты.
Болса-дағы қанша кең мына дүние
Сыйғызды қиялға, сол кендейті.

Табиғатты бөлейді қүйге тегі,
Шын көрікке қарауды үйретеді.
Ұнсіз мылқау жартасқа тіл бітіріп,
Ақ қайынды бикештей билетеді.

Есік жері осындай сұлу аймақ,
Бастауларда жатады сұы қайнап.
Тау бектері оранып жасыл нұға
Асыр салар арқары шыңында ойнап.

Күзі қандай Есіктің сары алтындарай,
Сағ ауадан жұрт ләzzат алар тынбай.
Қас асылдар, табиғат өзі туған
Қалмас тегі осылай жаратылмай.

Көз сұрінер “сұлулық” —
арман-шынар,
Сол арманға жететін жан бар шығар.
Күз суретін салуды адам сірә,
Осы Есікten үйреніп алған шығар.

* * *

Мөлдір самал жібектей еседі өрден,
Таң асығып барады көшелермен.
Әнін тындалап құстардың қуанғаннан
Шынарлар да биқтеп өсе берген.

Таудан құлап өзенің тыншымаған,
Құлақ тосар үніне сыршыл адам.
Ауыз біткен сүйсіне мактасын дёп
Құлпырып бір тұрғандай құлшына маң.

* * *

Арылғым кеп ойдың ауыр бұлтынан,
Мен де тауша сілкінемін, жұлқынам.
Сол бір шақта таң сәулесі қытықтап,
Кербез шынды оятады үйқыдан.

Кейде ызгарлы тұнереді тау іші,
Күркірейді қара аспаниң дауысы.
Жарқырайды найзағайдың от тілі
Естілгендей ақ алмастар шабысы.

Содан кейін қалың нөсер төгеді,
Басталады тау-өзеннің өлеңі.
Толас тауып жарқырайды ақ аспан
Төрге тартып кемпірқосақ төрені.

Сонда, шіркін, тау көркіне тоя алман,
Көз тұндырар гүл түсіне боянған.
Ынтық болған ғашығымды көргендей
Тауга қарай сүрелейді ой-арман.

Қапал көріністері

«БАЯНЖҮРЕК»

Құдіреттей бір көрік қып осы ауданға,
Шығатын түлеп көктемде нөсер жауғанда.
Адамға жомарт жақсылық істеп жатсын деп
Табиғат-шебер жасапты жүрек таудан да.

Ерінбей жылдар жасапты қашап дәу тастан,
Жатады аунап үстінде оның жарты аспан.
Кім білсін, қанша баянын тауып махабbat,
Бауырында соның достасыл құшақ айқасқан.

Әніме қоссам, кеудемнен шығар көркем үн.
Төбеде күліп, төгеді нұрын ерке күн.
Құт-мекен қоныс, тірліктің бұл тау тынысы,
Дұрсілдеп соққан жүргегі осы өлкенің.

«ҰИҚЫДАҒЫ АРУ»

Бір ару «ұйықтап» жатыр Арасанда,
Тапжылмай қай тұстан кеп қарасаң да.
Есітсең ел аузынан,
сол мұсінді
Көруге ықылас қой, бара сал да.

Көз тіксен Ақсу — бүйен өрінен кеп,
Жатыр ол:
биіктіктің «төрі мен»,— деп.
Қатпар шың ару құсан қалғып кеткен,
Кеп көзге көрікті бол көрінем деп.

Коймайды ол көңілінің аумасына,
Құштарлық дертін жамап сау басыңа.
Койғандай қызықтырып көңіл желін,
Көтеріп бір аруды тау басына.

Терендең сұлу жайлы ой арнасын,
Белгілі бүл көрікке тоя алмасың.
Тұрасың үміттене тағат таппай,
Тілдесем деп сол ару оянғасын.

«ТАМШЫ БҰЛАҚ»

Адамның секілденіп қас-қабағы,
Қәдімгі мінез бітіп тасқа-дағы.
Жатқандай ішіндегі шерін төгіп,
Көзінен моншақ-моншақ жас тамады.

Бір кезде қайғы-мұңмен қуарған маң,
Қанбаған көз жасымен суарғанинан.
Жылай ма сол күндерге күйінгеннең,
Болмаса бүгінгіге қуанғанинан.

Өзара сыбырласқан сыр-ағындай,
Тамшылар сыңыр қағып тұрады ыңғай.
Ынтығын ғашықтардың қандыратын
Тұп-тұнық сезімдердің бұлағындай.

Сыңыр үн кейде тіпті жалынышты,
Киялды шартарапқа алып үшты.
Ал бірде ақ тамшылар анғартқандай
Мәңгі бар басылмайтын сағынышты,

Десен де қорлығыңа шыдалп өтем,
Шыдатпас сезім деген бұла көкен.

Тамшы да жата бермей қамауында
Тасты да жарып өтіп шығады екен.

* * *

«Баянжүрек» бауыры сырға тұнған,
«Ешкіөлместің» өңірі жырға тұнған.
Тау бектерін көмкерген қалың тұман
Ойларындай адамның мұңға тұнған.

Осы жерде сағымдай жүзіп алдан,
Жалғаса алмай жүріпті үзік арман.
Ақын Сара осында сайрап өткен,
Осы жерде Біржанның ізі қалған.

Дегендей бол бәрін де алшы біліп,
Тізіп айтып таусармыз қайсы бірін.
Өскен мұнда белгілі Ғали ақын,
Тұған мұнда Ілияс Жансүгіров.

ҚӨКТЕМ ӘУЕНДЕРІ

* * *

Алтын нұрын төккенде күн төбеден,
Қөктем жайлы жазылады көп өлең.
Қоңлімде гүл-бәйшешек бүр жарып,
Қөктемменен мен де бірге көгерем.

Құдіретінен тұтанатын от кеуде,
Айтындаршы,
не сиқыр бар қөктемде.
Кар жамылып, қалғып жатқан Жер-ана
Жасаулаған жас сұлу бол кеткен бе?!

Көктем көркін көңіліме жаттайым,
Жаттайым да тіл жеткенше мақтайым.
Қыз-кулкідей сыңырлайды бұлактар,
Би билейді ақ балтырлы ақ қайың.

Оянған соң үйқысынан қыстайғы,
Сезім біткен сергектігін ұштайды.
Аландарда қолтықтасқан қыз-жігіт
Қызыл ала гүл шоғына ұқсайды.

Тап басқандай тіршіліктің тамырын,
Тыңдатқандай табиғатқа әмірін.
Жүр әнекей, кең өлкені құлпыртып,
Іскер қолды еңбек атты тәңірім.

* * *

Көктем келді, көк желекке көмілдім,
Көкейлерден күмбір күй боп төгілдім.
Гүлден гүлге ұшып-қонып, билеп жүр,
Көлбендерген көбелегі көңілдің.

Тау шатқалын тарам-тарам тілімдеп,
Ағады өзен арыстандай гүрілдеп.
Әлде нені айтып жатыр жас емен
Жас қайыңың құлағына құбірлеп.

Көктем жайлы көрікті әнге саласың,
Махабbat бол жүректерде жанаңың.
Тіршілікті қайта-қайта тұлеткен
О, көктем, сен — табиғатқа анасың!

* * *

Көктеммен бірге мен де көгеремін,
Гүлдей жайнап кетеді көп өлеңім.

**Сезімдерден сұлу ой көктесін деп
Ақ жауын боп аспаннан себеледім.**

**Көктем-көрік көңілмен жарасады,
Көтереді биікке аласаны.
Сол көктемдей мен де бір көрсем деп ем
Тарту қылып баршаға тамашаны.**

КҮЗ

**Төрт маусымның бірі боп жүздеседі,
Тынымсыз-ақ кезең ғой күз деседі.
Қой қайырған ымыртта жас шопанның
Қабағына қатыпты мұз кесегі.**

**Қалың тұман ұйыған шатқалдарда,
Тау шыңдары көмілген ақ қарларға.
Тым қолайлы тимейді-ау осы күзің
Жайбарақат қам қылмай жатқандарға.**

**Бұлт астынан күн көзі жылтырайды,
Жапырақты долы жел жүлқылайды.
Қырау көмген жотасын боз даланың
Сай-сүйегі сұқтан сырқырайды.**

**Осылайша қоңыр күз күшке енеді,
Таң алдында бетті аяз тістеледі.
Жай басам деп, адамдар, қапы қалма
Қылыш сүйреп, әнекей, қыс келеді!**

ҮНДЕСТІК

Үндестік табам үйде де және түзде мен,
Ұнатқан жерге бір емес, тіпті жұз келем.
Үндестік сірә, жарастық пенен сұлулық,
Келісті істен, үйлесім табар іздеген.

Сүйікті жарың өзгеден бұрын жанды ұғар,
Мәп-мәлдір бұлақ шөлінді әбден қандырар,
Гүл жайнап тегіс қалалар менен далалар
Шебер қолдардың құдіретімен жаңғырап.

Ойласқан ақыл оңғарар әркез жолынды,
Көкейден кетпес айтылған сөздер орынды.
Қолдастып бірге көтерген жұқ те жең-жеңіл,
Келісіп пішкен тоның де шап-шақ қонымды.

Теңіздер анау, тереңдік қана жарасқан.
Әр шындар анау, төбесі көкпен таласқан.
Келісті қылып жалғаған күн мен түнімді.
Үндестік деген дүниенің көркі о бастан.

* * *

Жоғалмастан әлі күнге күшінде,
Екі ұғым жүр,
егесумен ішімде.
Ес білгелі күндестердей екеуі
Киқысады,
өнімде де, түсімде.

Қарсыласын бас көтертпей таптаң-ак,
Беретіндей,
біреу маған атақ ап.
Бір жұмбактың табу үшін шешімін
Айтисамын,
екеу болып жата қап.

Бірде өңештеп бой бермеймін басқаға,
Бірде қалам сәл нәрседен жасқана.
Бір бүтіннің осылайша шатынап,
Екеу болып бөлінгені —
масқара!

* * *

Жел де керек кей уақыт желпінуге,
Жігерлі леп еспей ме еркін үнде.
Көніл желі қоздырар делебені
Шабытыңың шын сәтін келтіруге.

Жел гу етсе бұрқырап шаң үшпай ма,
Тал-теректер жұлқына алыспай ма.
Көк аспанда жәңкіліп бура бұлтар
Құба жонда қаңбактар жарыспай ма.

Үйтқымай ма ауа да үйип тұрған,
Сап болмай ма нөсер де құйип тұрған.
Шақырғандай алыстан қолын бұлғап
Толқын шашы сұлудың иыққа ұрған.

Жел сілкілеп ауаны тазалаған,
Таза ойлармен жаксы жыр жазар адам.
Көнілімнің желкені көтерілсе-ақ
Ұшқыр ойлар бермейді маза маған.

АУЫЛ КӨРІНІСТЕРІ

* * *

Тұған ауыл ғажайып көрікті тым,
Күміс нұрын тәбеден төгіпті күн.
Қуаныштың сермелген қанатындай
Қекке өрлейді бұрымын өріп түтін.

Тұған жердің тамаша таңы райлы,
Таңмен бірге ақ сәуле жамырайды.
Ақбоз үйдің сыртында бота боздап,
Көген жақта қозы-лақ маңырайды.

Ақ әжемнің ұршығы зырылдайды,
Ұйқылы-ояу ақ мысық пырылдайды.
Самал желмен тербелген бал құрактар
Әлде нені өзара сыбырлайды.

Айна көлде шоршиды ақ балықтар,
Айлы тұнде мұлгіп тау —
жатты алыптар.
Күн мен тұнді жалғаған сұлу көрік,
Жүрегімде мәңгілік жатталып қал.

* * *

Байлығым деп қолында барынды айтшы,
Мөлдіреген тап-таза арынды айтшы.
Желдей есіп келгенде достарыңмен,
Қабак шытпай қарсы алған жарынды айтшы.

Есті сөзді айт тыңдайтын біз ұната,
Жақсылықты моншақтай тізіп ата.
Ошагына дарыған құт-береке
Ең алдымен қазақтың қызын ата.

Айтар болсаң естінің үгітін айт,
Қарсы даудың тізесін бүгілтіп айт.
Батпан жүгін жұртының көтеретін,
Қара нарадай қазақтың жігітін айт.

* * *

Ертеңіме үнемі асығамын,
Жүргімде толқиды тасып ағын.
Түннің мойыл бұрымын жыр қып өріп,
Таңың аппақ мойнына асыламын.

Таң шапағы әлемді әрлендірген,
Таң оятқан үнамас әндер кімге.
Сезімдерді қытықтап оятатын
Бар сұлулық тарайды таңмен бірге.

Махаббаттан шынайы жерімек кім,
Бар асылды келеді теріп өткім.
Самалымен тербеген аппақ таңым —
Мөлдірейді ғанаңдей меруерттің.

МЕНИҢ ДАЛАМ

Күйге толы, әнге толы, кең далам,
Өр талап пен шабыт бердің сен маған.
Сенде туды Құрманғазы, Біржандар
Өшпейтұғын сол өнерден үлгі алам.

Үлгі аламын дала үнінен тынбаған,
Боз торғайдың таңдағы әнін тындағам.
Шың басында сұңқар үні саңқылдалап.
Қызығы бір басылмайтын ман далам.

Шын өнермен өрнектелген арман-іс,
Кең даламен қанат қағып барды алыс.
Жел үргенде сыйылтатын сиқыр үн
Сақараның сыйызысы — нар қамыс.

Айна көлде шалқығанда шат-думан,
Сұңқылдаған ән төгілер акқудан.
Жар тастар да жаңғырықты қағып ап
Серіппедей кері өзіңе лақтырған.

Күй пернемен жеткендейін сағара,
Көк теңізде шаңқылдайды шағала.
Тау толқындар ақ көбікті сапырса
Ақ моншақтар шашылады жағаға.

Құба жонға сілтей соғып түяқты,
Шапқандайын құйындата мың атты.
Кең даланы дүр сілкінтен бөкендер—
Сар жайлаудың оркестрі сияқты.

Кең даладан —
құрдасынан жылдардың,
Әлі талай үрпақ ән-күй тыңдар мың.
Тыңдармыз біз әуендерін
мәңгілік,
Далам туғаң —
Құрманғазы, Біржанның!

* * *

**Оқтамашы мылтықты аң атуға,
Пәк денесін тағының қанатуға.
Жерде жорытқан,
көкте ұшқан аң атаулы —
Аяулы ғой —
бәрін де дала туған.**

**Дала туған,
қанатты,
тұяқтыны,
Ойлатпас па бұл өзі ұяттыны?
Балапанның шиқылы ұядасы —
Шалықтаған сәбидің сияқты үні.**

**Ақ бекенді
аңдыдың куалап құм,
Мұның жайын ертерек сұрамаппын.
Ұқсайды ғой
ботаның көздеріне
Жаудыраған жанары дуадақтың.**

**Аң құмардың аяғын қойсақ тұсан,
Тіршілікке тыныстар болсақ құшак.
Тобын бұзба,
тырналар ұша берсін
Сағыныштан тізілген моншак құсан.**

**Әне біреу
мылтығын тұр кезеніп,
Құмарлықтың қышытып құрты өзегін.
Бұрқ еткізіп көк ала көк тұтінді
Шошытады-ау қоянның сұр көжегін...**

Тіршілікке кезенбе мылтығынды,
Естімейік жаралы жыртық үнді.
Аппақ мөлдір ауаны
тұтін шалып,
Торламасын өлімнің бұлты күнді.

Екінші бөлім

ЖАҚСЫЛЫҚ — ЖАН СЕРІГІМ

* * *

Уақыт,
тықсырасың неге мені,
Мені ұтсаң қай көсегең көгереді?
Өзім де сен қыспай-ақ алға ұмтылам,
Көрініп арманымның төбелері.

Қаймықпай бөгет болар көп себептен,
Арманды қуып келем өкшелеп мен.
Уақыт,
бермесінді тартып алам,
Бабалар қолы жетпей көксеп өткен.

Уақыт,
Дегеніце бой ұсына алман,
Тұрғанда қолын бұлғап ой шыңы алдан.
Қанат қып қиялымды зымыраймын,
Білемін, жеткізбейді онсыз арман.

Сәл кешікsem уайым жемеймін көп,
Сәл босасам жүйріктей жөнеймін кеп.
Мен кешікsem, кешігем орта жолда
Сүрінгенді қолынан демеймін деп.

Сондықтан да уақытпен бар таласым,
Сезем шердің таласпай тарқамасын.
Мен кешікsem,
кешігем шаршаганның
Ұзак жолда жүктерін арқаласып.

Уақыт,
Қысымым көп сенен көрген,
Емеспін оған, сірә, көнем дер мен.

Уақыт,
мені іздеме қалтарыстан,
Мені ізде биік-биік белестерден.

* * *

Жыр өнеді ойлардан жылғасы көп,
Ондай жырмен жалықпай сырласып өт.
Сыры терең бір өлең жазсам деймін
Сан жылдардың қалатын құрдасы бол.

Өзегі асыл жыр жазсам тозбайтұғын,
Жан сезімін адамның қозғайтұғын.
Бәсекеге түскен соң осы жолда
Алмаспын мен уақыттан озбай тыным.

Жетіп сол бір арманға ән салармын
Тыңдал тұрып, тандайлар тамсанар мың.
Содан кейін,
Уақыт,
Сен мені емес,
Болашақтан мен сені қарсы алармын.

* * *

Уақыт,
сен маған өкпелеме,
Болмай жатып үшамын көкке неге?!

Мен әдейі ойымды шынықтырдым
Міну үшін шабытты откемеге.

Сапарыма мен үзак бет түзедім,
Жетпей жүрген жоғыңды жеткіземін.
Уақыт, мен өзінді бос жібермей
Еңбек етіп, тер төгіп өткіземін.

Тарқатамын сөйтіп бір шерімді мен,
Кернеп тұрған кеудемді сенім кілең.
Уақыт,
оздым ғой деп босқа алданба,
Шындал кетсем мен сені шегіндірем!

Басым болам мен ертең бүгінгіден,
Өктем шыққан тыңдатам үнімді мен.
Уақыт,
бүйдаланған буыршындай,
Мен сені алдыма әкең жүгіндірем.

* * *

Лайық болсаң —
артатұғын мол сенім,
Уақыт тегі ғұмыр бойғы өлшемің.
Жүйрік болсаң қолтығынан демейді,
Шабан болсаң —
Өзің сорың ол сенің.

Қалтарыста қалып дүрмек ұлы істен,
Тая басып жаңылып көр жүрістен.
Қырсығының қыып түсер мойынын
Секунд сынды қылпылдаған қылышпен.

Қарсыласып,
десем-дағы көнбейін,
Күзетер ол өмірімнің өн бойын.
Туған сэттен менен көзін жазбайтын
Уақыт, сірә, қасымдағы конвойым.

Риза болмай мен аттаған адымға,
Кейде арымды құырады жалынға.
Күндіз бірге ілеседі,

ұйықтасам —
Сақшыдай тұрады ұдай жанымда.

Отырғам жоқ мәніс беріп жай бұған,
Айтқан сөзден кезім де жоқ айныған.
Қаймықпаймын сұқтанған сан жанаардан,
Уақыт атты қатал көзден қаймығам.

* * *

Бүгінгі үрпак арманы қанатты арман,
Ай-жұлдызға ақыл-ой жанап барған.
Тез жүретін секілді осы күнгі
сағаттар да
бұрынғы сағаттардан.

Не десен де бұл күнге сыйды ұғым,
Бар қасиеті бойымда зиялышың.
Бір кездегі аңызшы бабалардың
Шынға айналған кәдімгі қиялымын.

Алты айшылық шөлінді бір аттаған,
Ұқсамай ма қанатты пырақ маған.
Табиғаттың тәкаппар асаулығын
Тізерлете алдына құлатты адам.

Қазір мулде ұғым жоқ алыс деген,
Бар жұмысты ақыл мен ар істеген.
Кеңістікті өлшеміз үшқырлықпен
Биіктікті өлшеміз ғарышпенен.

Ерен күшпен осылай бұлқына біз,
Алғы істерге асыға ұмтыламыз.
Уақыт деген желмая жүйрігінің
Көне алмаймыз бас изеп ырқына біз.

ӘКЕ СЫРЫ

Бес балам — біткен бағым маңдайдағы,
Бал-шырын тәттілерім таңдайдағы.
Болашақ өмірімді жарқыратар
Бес тармақ жұлдыз болып жанғай-дағы.

Өзгедей менің де бар мың арманым,
Шыңына кейбірінің шыға алмадым.
Соңыма жылдар бойы алаңдадым.
Ер жетіп өссе екен деп үландарым.

Ер жетіп келеді өсіп үландарым.
Қырмызы қызғалдағым, қырандарым.
Өсірген шақтарында мерейімді
Сүйсініп әлі талай жыр ариарым.

Ойласам соны жылып тұрады ішім,
Жүргегім — сезімдердің бұлағы шын.
Тірлігім бала сүйген — шын бақытым,
Жүргенім әке болып — қуанышым.

АРНАУ

Ойлауменен шаршайды күнде басым,
Ер жеткенде,
ұлым-ау,
кім боласың?
Адамдарға жақсылық жасаймын деп
Өрмелесең биікке,
күн боласың.

Көрсете алсаң сол шығар биігінді,
Жалқаулық кеп баспасын.
иінінді.

Қанаармын деп қуанам қызығыңа,
Көрсетпесін тірімде күйігінді.

Жеткізер деп жете алмай қалғанымды,
Ертелі-кеш ойладым бар қамынды.
Жақсы әке боп қалуға тырыстым мен,
Жақсы ұл болып жалғар деп арманымды.

Қөз жұмылып кеткенше дем үзіле,
Мән іздеумен үңілем мен ізіне.
Есімінді әдейі Шалқар қойдым
Шын бақыттың құяр деп теңізіне.

* * *

Көрікті ғой көңілдің жыр құмары,
Аша алмай жүр кей көңіл бұлтын әлі.
Ақ көңілге абайсыз дақ түсірсөң —
Ақ қағаздай айырылып, жыртылады.

Жыртылған соң қиын-ақ жамалуы,
Жүргегіңе шым-шымдаң тамар уы.
Пәк көңілдің мөлдірі лайланса
Киындаиды тазарып ағаруы.

* * *

Ойлаймын деп әділдік, дұрыстықты,
Жата алмаймын кейде мен тыныш тіпті.
Тағдыр артқан салмақты арқаланып,
Кешіп келем бір сұық, бір ыстықты.

Сөйтсем де мен,
әлде бір ызың қаңғып,
Желбуаз сөз жүреді ізімді аңдып.
Жүрем тегі соларды жіберсем деп
Әділеттің тезімен тұзу жан қып.

* * *

Кең өлкемді ойларым орайды мың,
Карсы алады алдынан арайлы күн.
Сол арайдың шомылып сәулесіне
Тасытсамшы көңілдің ақ айдынын.

Шапқанымда жүйріктей жұлдені аңсан,
Тастан сейлең тұргандай, гүлдер ән сал.
Сол шактарда таразы-ой теңселеді,
Бірде басып парасат, бірде мансап.

Амал таппай осыдан құтылғандай,
Жарыла да жаздайды бүтін маңдай.
Ай, бір сәттер болады-ау жан қиайтын
Жон-терінді үстінен сыпыргандай.

* * *

Бір ауық еркін желдей есілемін,
Кеудемнен көлеңке ойды өшіремін.
Жүрегінің түкпірі таза болса
Тентектің де қатесін кешіремін.

Болған, сірә, жақсы ғой кешірімді,
Қаталдықпен қантармай кесімінді.
Торыққандар саямда панарайды
Құлыптамай бос қойсам есігімді.

* * *

Ойсыз босқа жүрмейді бір күн адам,
Оймен ғана көңілде күй құраған.
Қалғып кетсем қапыда,
ауық-ауық
Оятам да ойымды,
сілкіп алам.

Дұр сілкініп алам да қырандайын,
Ой азабын тартуға тұрам дайын.
Жамандықтың жолына тосқауыл бол,
Жақсылыққа әдемі жыр арнайым.

Қамсыз болып көргем жоқ ес білгелі,
Қайта түлеп,
ойларым ескірмеді.
Сонда-дағы күрмелген көп түйіндер
Шым-шытырық шырмалып шештірмеді.

* * *

Аға сыйлау — дәстүрі халқымыздың,
Үзілмейтін арқауы алтын іздің.
Ағалардың ақ көңіл айдынында
Інілікпен еркеле, шалқы, жұзгін.

Жақсы ағалар сүйіктім, жайсаңдарым,
Көтеретін жұртының нар салмағын.
Аға тұтқан ең асыл қасиеттің
Бір бойыма сіңіріп алсан бәрін.

Жол нұсқаған шырақтай жанады олар,
Қуанышын еңбекпен табады олар.
Бақыты үшін біздердей інілердің
Жақсы аға бол қашанда қалады олар.

* * *

Бұл өмірден кім қандай баға алышты,
Біреу отын жүректің жаға алышты.
Біреу акты қара дең сендіріпті,
Содан шашы біреудің ағарышты.

Бір ой түлеп қайтадан жаңарышты,
Бір «әзірейіл» қорқактан «жан» алышты.

Бір безбенге тартқанда,
әділдікті
Басып-жаншып кетіпті жала мықты.

Тудырған соң табиғат даналықты,
Саналарға ақ сәуле таралыпты.
Сол сәулениң ізінен таймайын деп
Табаныма қағам кеп таға мықты.

* * *

Аялдашы кеткендер жүре берсін,
Сөз ұқпастар парықсыз күледі ерсі.
Мен ризамын,
күдіксіз шын иланып,
Жалғыз ғана соңымнан тілек ерсін.

Бітей берсін құлағын тыңдамастар,
Көңілдерге орнатам жырдан асқар.
Ішке бүгіп сүмдығын қалса-дағы
Ақиқатты әдейі жырламастар.

Жүрек шөлдеп жүдеулік білінсе егер,
Ақ жауынын қандыра жырым себер.
Қол беруден жалтарма,
абзал досың
Адалдықтың жолында сүрінсе егер.

Бұл сырымды тоң-теріс түсінбегін,
Ықыласың — жанашыр ісім дегін.
Көлеңкеммен алысып әлсіресем,
Күнгейіммен толығар күшім менің.

Үшінші бөлім

АҚЫН ЖҮРЕК — АРМАНШЫЛ

МУЗЫКА

Біз оны жанымызбен түсінейік,
Ол гажап өнерлінің ісі биік.
Музыка әлемінің ұлылығы
Ешқашан қалмақ емес кішірейіп.

Музыка көңілдерді жылтырады,
Көкейлерде құлпырып ғұл атады.
Сезімдерді тербейді алай-түлей
Куантады,
ал кейде жылатады.

Сұлу қыздай шақырған биге мені,
Құлағыма құйқылжып күй келеді.
Музыка —
табиғаттың тіл қатқаны,
Құдіретіме басынды и дегені.

ҚОС ІШЕК

Домбыра:
екі шектен үн шығады,
Сезімді шымырлатып, шымшылады.
Бірінде — қас батырдың қаһарлы үні,
Бірінде — қам көнілдің сыңсығаны.

Екі ішек:
өнеріме тізгін еттім,
Жібіттім тәңдарын да мұз-жүректің.
Естірттім мерт болғанын Төлегеннің,
Жоқтаған зарын шерттім Қыз Жібектің.

Екі ішек:
бір-бірінен озған әні,

Бірінен — шежіре-сыр қозғалады.
Бірінен — ботасы өлген аруананың
Зарлана естіледі боздағаны.

Екі ішек:
екі арнадан күй тараған,
Ежелден құлақ тосқан іңкәр адам.
Бірінен — бебеулесе бесік жыры
Бірінен — бөбек даусы «іңгәлаған».

Бойында қос ішектің сыр тұнады,
Асаудай бұла сезім бұлқынады.
Екі ішек бір арнада үндеспекке
Ғашықтай бір-біріне ынтығады.

* * *

Іскер адам өнердің күшін білген,
Оқсатар ол, қолға алған ісін бірден.
Домбырашы біреуге жүрек сырын
Екі ішектің үнімен түсіндірген.

Жанды үйитар жез таңдай жырлап әнмен,
Ән-бесікті сүйсіне ырғалам мен.
Суретшілер құбылтып тоқсан түрлі
Бояуларды сөйлетер қыл қаламмен.

Сөз саптайды шешендер сәнді тегі,
Сәнді сөзден тыңдаушы мән күтеді.
Қолына алып қас шебер қашағанда
Қара тасқа кәдімгі жан бітеді.

Тың жолдарға басарда батыл қадам,
Оттай жанып жүрегі лапылдаған,
Көңіл құсын самғата көкке ұшырып,
Жырдан күмбез өреді ақын — қалам.

САДЫР ПАЛУАН

Құддыс, Қожамъяр

Бірімін, Құддыс аға, көп ініңің,
Бірімін аккордтағы көп үніңің.
Қос шекті домбырамен саған арнап
Бір күйін шертпекпін көнілімнің.

Таптың сен Октябрьден нұр таңынды,
Басыңнан бұлыңғыр күн, бұлт арылды.
Одақтық оркестрге қостың экеп
Қаз мойын сырлы-сұңқыл дутарынды.

Тұтасқан өнеріңнен халықпенен,
Жаныма нұрланатын жарық көрем.
Сайраған сандуғаштай саздарынан
Ойға от, бойға қуат алып келем.

Өнеге кейінгіге жарқын ісің,
Өнердің жанды үййтқан жарқылысың.
Сен жалғыз үйғырға тән ұл емессің
Көп ұлтты тілегі бір халық ұлысың.

Жан аға, алға тартар арманың шың,
Халқыңың корға биік ар-намысын.
Күмбезін ұлы өнердің көтеріскен
Музыканың шың «Садыр палуанысың».

ТІЛЕК

Күйбен құндер жүгі басып жатқасын,
Кешіре ғөр, бұра алмадым ат басын.
Жалғыз ғана тілегім сол, жан досым,
Жаманаттан сені әрдайым сақтасын.

Бұлактардай сыңыр қаға қарғыған,
Дос көнілден жетсін есіп барлық ән.
Мәлдіреген нұрлы шуақ кетпесін
Мәңгі сенің терезеңің алдынан.

Сен барында мен де бармын, аманмын,
Куанышыңмен бірге шалқып жаңардым.
Достық сырдың біз ашпаған есігін
Жыр жолдары өзі-ақ іздең табар мың.

МАХАББАТ

Махаббатты көп жырлайды ақындар,
Сезім біткен махаббатпен лапылдар.
Шын Ләйлінді тапқан кезде сенің де
Мәжнүн боп атануға қақың бар.

Махаббаттың құдіретін біліп бер,
Білу үшін жалынына күйіп көр.
Сезбейтіндер махаббатын әйелдің
Бар дегенге сенбеймін мен, жігіттер.

Махаббаттан ыстық нәрсе жоқ шығар,
Бастауы оның құн секілді от шығар.
Байқап көрсөң бойында бар қуаттың
Тұп қазығы сол махаббат боп шығар.

* * *

Өзің ғой менің көп іздең талқан көркемім,
Сезімді шарпып, алаулаң тұрған өрт едің.
Көктемгі бақта кездесе қалсақ оңаша
Қосылып бізге құлімдеуші еді ерке күн.

Алыстап кетті сүйемін деген көркем үн,
Енді не демек еркелеп келер ертеңім.
Откеннің бәрі ойыңа қайта оралып,
Білсемші кейін сағыныш болып өртерін.

* * *

Сөз ұғыссақ іштей бір,
Отша лаулаң жануға.
Көзім менің тұспей жүр,
Сенен өзге аруға.

Жүргімді еріттің,
Өцим бе бұл, тұсім бе?
Лағындаі бол еліктің
Еркелейсің көнілде.

Жанарынан нұр себер,
Жарқын жүзді арайым.
Ләйлім бол да жүре бер,
Мәжнүн бол қалайын.

* * *

Қалқам-ау, көзің иеге құлімдеді,
Жаныма сыбырлады үнің иені?
Асылым болармысың қолым жетпес
Жатқандай тұңғиықтың түбіндегі.

Көркіңе көзім сонша сүзілгені —
Тәнті боп тәңіріне жүгінгені.
Өтінем,
махаббаттың ауылына
Жетелеп алып баршы бүгін мені.

* * *

Сұлу жайлы жадымға ұстағаным,
Тым сұлу боп естілер құштар әнің.
Өтінемін,
көрінбе сұлу болып,
Тым сұлулық —
жүзі ғой ұстараның.

Қас сұлулық көргенді таң қылатын,
Құдірет қой есінен тандыратын.
Өтінемін,
көрінбе сұлу болып,
Тым сұлулық —
Қызыл шоқ жандыратын.

ДОСТЫҚ ӘНІ

Құлақ түрем эфирде не бір үнге,
Шаттықтың нұры толып көңілімде
Мен қызыға тыңдаймын үйип тұрып,
Ән шырқаған Африка негрін де.

Қызықтасам өнердің қырық арнасын,
Қуаныштан белгілі құр қалмасым.
Таныс болып тұрады жүрегіме
Достық әні қай тілде шырқалмасын.

Достық!
Дружба!
Фрайндшафт!—
Бір-ақ ұғым,
Бір-ақ ұғым, тарайтын бұлағы мың.
Сол ұғымнан сарқылмас қуат алып
Селдемемін нөсердей жыр ағынын.

АБАЙҒА

Біріндең сенен туған көп өлеңнің,
Құлпырып, қайта түлеп, көгерем мың.
Халыққа қаламымен қызмет қылған
Ойлы сөз, өнер қуған шеберецмін.

Ұқсаймын, болмасам да,
бабам, саған,
Жаныңа жалғастықты табам содан.
Қанатты әндерінді шырқап жүрміз
Бақыт пен еркіндікті сен аңсаған.

Есімің ардақты ғой — Абай деген,
Абайдан сөз патшасы —
тарайды өлең.
Өнерде сен сомдаған сұлулықтан
Мәңгілік сөнбейтүғын арай көрем.

ЖҮРЕК СЫРЫ

Бір сөз айтсам:

Жүректерде жарық бол жағылатын,
Құдіретіне тыңдаушым табынатын.
Қоңілдегі қайғынды ұмыттырып,
Қимасынды күн туар сағынатын.

Қаралының көз жасын тыйдыратын,
Қос жанаңға әлемді сыйдыратын.
Араздасып айырылған ағайынның
Бәтуаға бастарын жиғыратын.

Қоңілімнің жан сырын ұқтыратын,
Жас жұбайдың отауын құт қылатын.
Мәжнүн мен Ләйлідей ынтықтарға
Махаббаттың кәусәрін жүттүратын.

Өрге шапқан бәйге атын оздыратын,
Белдескеннің намысын қоздыратын.
Ұнатқандар көкейге құйып алып,
Өле-өлгенше сүйсіне сөз қылатын.

Бір күй шертсем:

Үн түсінген құлаққа сүйікті етер,
Кеудедегі жуылып күйік кетер.
Ботасы өліп боздаған боз інгеннің
Тас емшегі бұлақ бол иіп кетер.

Ұйып тындал, табиғат тынып қалар,
Қаталдықтың қаһары сынып қалар.
Тулап жатқан айдын да астан-кестен
Мөлдіреген маржандай тұнып қалар.

Тау сүндай аринаға тасып толар,
Қыран жетпес шығанинан асып қонар.

Жарты гүмүр күн кешкен жұбайлар да
Бір біріне қайтадан ғашық болар.

Өнердегі байқатар бір қырыңды,
Бағаласа осынау жұртым үнді.
Толтырар ем толмаған кемерінді,
Жамау болып бітер ем жыртығыңды.

Бір ән салсам:
Тынық күнгі толқынды ағындардай,
Откенінді өрт-өзек сағынғандай.
Колда барда қадірі білінбеген
Жоғалғаның қайтадан табылғандай.

Жіберердей білместі білікті етіп,
Фонтандайын шашыған биікке тік.
Қанаттыны самғата шыңға ұшырып,
Шың біткенді одан да биіктетіп.

Билеп берсем:
Корғасындаған балқыта барша жанды,
Құшағыңа қысқандай аңсағанды.
Жүрекке жан, білекке қуат беріп
Қайта қосып, сайысқа шаршағанды.

Құңғірт ойға ак сәуле жүгіргендей,
Сом құйылған шар болат бүгілгендей.
Қалғып кеткен көнілдер кілт оянып,
Сұлық жатқан тылсым күш тірілгендей.

Қара тасқа бейне бір тіл біткендей,
Карт еменге кураған бүр біткендей.
Ұланғайыр шаттықтың шалқуымен
Дөңгеленіп дүние дүрліккендей.

Билеп тұрса ну орман, балбырап тал,
Шолпылары сыңғырлап бал-бұлақтар.
Үн мен қимыл жарасқан сұлулыққа
Сүқтанғандай сан көз бен сан құлақтар.

Осылайша іс қылсам жұрттыма мен,
Дүр сілкінтіп дүниені бір тынар ем.
Асау аттай алысқан ауыздықпен
Өз қиялым көнеді ырқыма әрең.

* * *

Хамит Ергалиевке

Шырқап биік өнердің аскарына,
Жырдан шашу шаштың сен достарыңа.
Дұлділ-қанат өлеңнің тұлпарымен
Шықтың самғап даңқтың аскарына.

Күн сүйетін күмбездей биік тұлған,
Гарыш көкке төбесі тиіп тұрған.
Бүгін, Хама, үқсайсың жыр-сандыққа
Сырлы сымбат сұлу сөз сыйып тұрған.

Алға тартып кеуденде арманды екпін,
Өр шынына өнердің талмай жеттің.
Тілің сенің — Исатай наркескені,
Жырың сенің — жалыны Махамбеттің.

Жырларыңнан сүйкімді саз ағылды,
Халқың көкке көтерді ғажап үлды.
Ақ бұлақсың ағыста алқынбаған
Кәусарыңа қандырдың қазағынды.

ДОМБЫРА — АҚЫН

Қадырга

Көктеткен парасатпен «Ой орманын»,
Ел көрді ақындықтың бой алғанын.
Сүйсініп ата мекен суретіне
«Даланың дидарына» тоя алмадым.

Туатын ақ сәуледей ала таңда,
Өнерге тұсірмедің қара таңба.
Кыргыз бен өзбек, тәжік, түрікпенді
Жырладың сұлу сөзбен «Алақанда».

Қырандай «Жерүйықта» комданып ең,
Басылып жыр-қадамың онға кілең.
«Көшінді» көкейлерге қондырдың да
Қайтадан «Домбыранды» қолға алыш ең.

Бұйым ба сәйгүлікке ор, қыратың,
Жабыға жуытпас ол болдыратын.
Тіл бітіп асты-үстілі қос шегіне
Күмбірлеп сейлеп кетті домбыра — ақын.

Қос шегі «Домбыраңың» күмбірлепті,
Алға сап тірліктеңі мың міндетті.
Арқалап сол міндетті жүрмін депті,
Сол жолда ел-жұрттыммен бірмін депті.

Тартып сен ойлы сөздің азабын мың,
Жақсы жыр жүрек құптар жаза білдің.
Мұны бар «Домбырада» өткен күннің
Үні бар осы күні қазагымның.

АҚЫН МЕН АЖАЛ

Екі нәрсе: ымыраға көнбейтін,
Бірі — уақыт,
бірі — ажал, өл дейтін.
Жекпе-жекте екеуін де бұқтырар
Үмітім бар жүрегімде сөнбейтін.

Ақын-жүрек өмір жайлы айтарда ән,
Ажалдың да өзін кері қайтарған.
Айта алмаймын өлді деп мен Абайды,
Пушкинді де өлді деп мен айта алман.

Аңсаған шын жоғалмайтын бақытты,
Ақын сөзі шегіндірген уақытты.
Уақыт түгіл сүм ажалдың өзін де
Жыр-жебемен тұра көздең атынты.

Бұл — ақиқат,
Көз жіберсең өткенге,
Ақын біткен өшпейтүғын өрт кеуде.
Ажал бейбак бұғады екен тасаға
Ақын оған шын қаһарын төккенде.

* * *

Көңіл-сәуле кеудеде күлімдеген,
Көңілді адам еңсесі бүгілмеген.
Сол көңілді көркейтіп жүрсем деймін
Жырдан өскен жүректің гүлінде мен.

Көңіл болса ырқына құлай еріп,
Тұрады адам өніне шырай еніп.
Шын куаншы,
күлімдер ол да бірге
Бұлт астынан аппақ Құн шыға келіп.

Сенші, досым,
Осы айтқан сөзіме шын,
Өзгеге емес,
Сенбесең — өзіңе сын.
Көніл қошың шалықтап тұрған сэтте
Өзінді тым бақытты сезінесің.

* * *

Ұмтылам деп мен көзсіз алдағыма,
Құлап кете жаздаймын жарға мына.
Сонда өзімді әлжуаз сезінемін
Тұрған жандай сүйеніп балдағына.

Сонда да мен асығам алғы таңға,
Аяқ басқан жерімде қалды таңба.
Құз-жарлардан құламай ағып өтем
Жыр-дүлдүлді тоқтаусыз қарғытам да.

* * *

Кеуделерге үңілем,
Кең дүниенің жұмбағын шешем бе деп.
Балағымды түрінем,
Ағыл-тегіл айдынды кешем бе деп.
Жыр жолдарын өремін,
Көніл-күйде самал боп есем бе деп.
Шыңға қарай беремін,
Ойым, бойым биіктеп өсер ме деп.

* * *

Сөз саптаудан, әдетте басталады ой,
Ойшыл адам бермейді басқага бой.
Аяғынан сүрінсең —
жараң жеңіл,
Сөзден егер сүрінсең —
масқарағой!

Шешендіктің ежелден сыры мәлім,
Сөз-жарыста жасайсың бұрын адым.
Аяғыңан сүрінсең —
еңбектерсің,
Сөзден егер сүрінсең —
Құрығаның!..

* * *

Ұзу да бар тірлікті, жалғау да бар,
Бар жақсынды жүрттына арнау да бар.
Тұяғында тұлпардың оралу бар,
Қанатымен сұңқардың самғау да бар.

Іс қылу бар кәдімгі арға лайық,
Отырганнан сақтасын барға байып.
Адалдықтың ак жібі үзілмесін,
Үзілсе егер, сол жерге жалғанайық.

* * *

Ойларым, өткір қалам ұшындастын,
Өрбіткен өткірлікпен ісің басым.
Баптапсың арғымақтай жыр жолдарын
Өзгеге өзегіңен ұсынғасын.

Баптайсың көкейлерден әрі өтер деп,
Әр кеуде — жыр қабылдар жаңа төр деп.
Әр сөзім жатса шіркін жұптастыра
Арасын жүректердің дәнекерлеп.

ІЗДЕР

Іздер, іздер, шұбырынды көп іздер,
Кейбір іздер жен ізdemес, төр іздер.
Қара жонға қақыратын бір кездे
Іздер салған соқа тартқан өгіздер.

Бір іздер бар тым алысқа баратын,
Бір іздер бар гранитте қалатын.
Бір іздердің таусылмайды сүрлеуі
Бір іздердің бедерлері шала тым.

Көк аспанды тілгіледі кей іздер,
Көк теңізді бұлдіреді кей іздер.
Жыламасты жылатады кей іздер,
Құлмestі де күлдіреді кей іздер.

Бір іздерді танып жатар дос ұғып,
Бір іздерде қай ағады жосылып.
Кейбір іздер, о баста алшақ кеткенмен
Бірін бірі қайта табар қосылып.

Сан ізбенен сан ғасырды асты адам,
Іздер көп-ақ иғлікке бастаған.
Іздер жатыр бәрі-бәрін растаған,
Іздер жатыр ажалдан да саспаған.

Өшпес іздер жетті, міне, бүгінге,
Ізің өшпей жатса қуан, құлімде.
Менің ізім жақсы жыр бол жазылып
Қалса деп ем жүректердің түбінде.

* * *

Сықылыштап тұрғандай жатқа күліп,
Талабыма таңырқап артпа құдік,
Шықтым мен де сайланып қын жолға,
Өнер деген ақ табан атқа мініп.

Шықсам жолға қамайды ой анталап,
Осындайда мұлгімей оян, талап.
Сенің жолың болсын деп ылайымда
Жыр-пырактың кекілін қоям тарап.

* * *

Кейде мен отырамын жоққа налып,
Қалғандай шабыт-тұлпар ноқталанып.
Ал кейде жазылады жалынды жыр,
Алғандай қаламымды отқа малып.

Сол шакта талап-тұлпар тартынбайды,
Токтаусыз өрден өрге қарқындайды.
Толғанып отырамын жыр жазуға
Даңқты қаһарман ер, халқым жайлы.

* * *

Күмбездеп жырмен саламыз әсем сарайлар,
Сұлулық іздеп, кірмейді-ау соған талайлар.
Тас сарай емес, жыр-сарай атты қоймада
Ойлардан өніп, нұрланып тұрған арай бар.

Оқушы досым, кеудемиен шықса есіп үн,
Тұрғаны деп біл көнілдің тербел бесігін.
Ақ жүрегіммен арнайы келсең аша бер
Жырыммен өрген жан сарайымның есігін.

* * *

Айтайын саған, білмекші болсаң құмартып,
Шар болат нағыз майыспас, бірден сынар тік.
Жылтырағаннан көмескі-күлгін шала бол,
Найзағай құсан жарқ етіп сөнген мың артық.

Кібіртіктеніп тайғанағанша тұрақсыз,
Алғаның жақсы сайысқа түсіп сынап күш.
Өлермендікпен өрмелегенше жоғары,
Қалықтап бар да ғарыштан еркін құлап түс.

Биқте тұрсаң сәуленді түсір төменге,
Жарқырат ойды жан салу үшін өлеңге.
Ойлардан маржан теретін болсаң егерде
Жасқанбай сұңгі тұңғынық түпсіз тереңге.

* * *

Маған тағдыр шұғыласын шашып тұрып,
Жаратыпты өмірге ғашық қылый,
Қанып болмай мейірім бүгінгіге
Ертеңгі таң тұрады асықтырып.

Арманымның қонуға тұсына нық,
Жетеді-ау деп сенемін күшім анық.
Кеңістіктің төрінде заулап келем,
Уақыт деген кемеге түсіп алып.

Осы жолда талайға кезігемін,
Бірін сүйіп, бірінен безінемін.
Тоқсан тарау сүрлеудің ортасынан
Өз жолымды таппасам,
өзіме мін

Ой-парасат жалғасқан реттерде,
Құлақ түріп ең асыл тілектерге.
Қын ғой деп сескенбей таңдап алдым,
Бір-ақ жолды —
Бастайтын жүректерге.

Осы жолды адаспай тапқан ақын,
Сан сапарға шығуға баптар атын.
Жүрек — құдды күрделі Планета
Адамдардың жан сыры сақталатын.

* * *

Мені тыңдал қол соққанда барша жан,
Кең көсілген шабысымнан шаршаман.
Ақ қайындар ортасында би билеп,
Ақку жүзген айдын көлде ән салам.

Коңыраулы күміс күй боп төгілем,
Алтын шапақ таң нұрындай сөгілем.
Маң даланың қояны мен тұлкіге
Қыранындай құлдилаймын көгінен.

Мені тыңдал қол соққанда барша жан,
Кездескендей бір сағыныш аңсаған.
Шын сүйсінген қуаныштың желіндей
Жарқыл атсам жанаарларда самсаған.

Мені тыңдал ұйығанда құлақ көп,
Сыбырлаймын самал өпкен құрак боп.
Жетем ыстық сезімдерге ынтықкан
Махаббаттың қайнарынан бұлақ боп.

Қанат қағар сонда сұлу жыр кілең,
Сол сэттерде сұнқардайын сілкінем.

Достарымды қуанышқа бөлеймін
Сарай салып шаттық пенен күлкіден.

Көңілдердің маздатамын оттарын,
Тойлы ауылдың тартысамын көкпарын.
Мені тыңдал қол соққанда барша жұрт
Осылай бір шалқып-тасып тоқтарым.

* * *

Талмай тартып,
алға сүйреп ақын бак,
Елуге де келіп қаппын жақындал.
Елу жасты еркелеткен бұл өмір
Одан да зор биігіне шақырмак.

Елуінде өнер-мұра екшелер,
Елің саған есейді ғой деп сенер.
Қыран ұшқан қияларға қонарсың,
Елудегі өр екпінің жетсе егер.

Тұлпар болсаң тұяғындай асылдың,
Жыр-бәйгеде өнерінді асырдың.
Жеңіп алған биігіңен қарайсың,
Артқа тастап тең жарымын ғасырдың.

Еңселі зор ел парызы өтелген,
Жалындаған қиял-ойдан от өрген.
Ассалаумағалейкум,
ақ отау!
Ақын-қалам елуінде көтерген.

ДОМБЫРА

Үкілі менің домбырам!

Үніңе, сірә, құлағын түрмес жан бар ма,

Шертуші едім думанды талай таңдарда.

Жеттің сен маған сезімін алып бабамның

Қанатты құймен қол созған асқақ арманға.

Дауылпаз үнің батырга қылыш серметкен, —

Өр талап өнерішегінді сенің тербеткен.

Шанақтан шығып, құйылған күміс күмбірің

Таныс қой маған бойыма сіңген жөргектен.

Таныс қой тіпті,

өзімнің ана тілімдей,

Түсінікті үн жоқ,

домбырам сенің үніңдей.

Жаныма жақын ыстықсың маған ежелден

Бір туған бауыр —

ағамдай, яки інімдей.

Сенімен туды өмірге деген құмарым,

Сенімен бірге шындарға биік шығамын.

Бах, Гуноны, Глинканы, Моцартты,

Шынымды айтсам, сен арқылы үғамын.

24

Домбырам, сенен аламын эсем жыр басын,

Үніңді үрпақ жүрегімен тындастын.

Ғасырлар бойы бабалар үнің жогалтпай,

Қос ішегіменен түсіндіре алған сырласым.

САРАНЖАП

Баллада

Қашыпты жолығыпты салон бақта,
 Қалмактың протестанты Саранжап
 «Не кричи, не шуми» күйін тартып,
 Сабапты урядникті паром жақта.

Хамит Ерғали
 «Құрманғазы» поэмасын

**Белгісіз қанша күн өткен,
 Күйшінің жаны жарагы.
 Тар кісен қиған білектен,
 Сорғалап қаны тамады.**

**Құтқармас жаудың қармағы,
 Келмеді ешкім тілге де.
 Өнердің талмас тарланы,
 Тарығып жатты түрмеде.**

**Тұтанып оты жүректе,
 Жарқ етіп бірде жанары.
 Қап-қара қапас түнекте
 Жігері шам бол жанады.**

**Жұмылған көздей батты күн,
 Тыншыды тағы түрме іші.
 Құпия бір кез қатты үн,
 Есікке келіп бір кісі.**

— Ей, жігіт, сені сыртыңдан,
 Серуенде көрем күнде мен.
 Куантып қайсар түр-тұлғаң,
 Ерен бір жұмбақ күйге енем.

Жайымды менің біл, інім,
Қылышым болмас саған жат.
Қалмақтың батыр ұлымын,
Есімім менің — Саранжап.

Іздең ем бақыт өмірден,
Тас қамау болды тапқаным.
Торлаған түрме төрінен,
Атпасы анық ақ таңым.

Жүзіңен ұдай сенің мен
Көремін толы азап-мұң.
Айырылдың неғып еліңен,
Не істеп жүрген қазақсың?..

Қос арыс ашық мұндасты,
Куаныш толы күйге ене.
Сұп-суық сұсты сұр тасты
Тұнжырап қалды түрме де.

Ери де жаздал ет жүрек,
Батырдың мәлдір сырына.
Ежелгі достай елжіреп,
Тіл қатты Құрман бұрыла.

— Дерптімін, аға, мен бүгін,
Кектімін, олла, бұл шыным.
Өз қайғым емес ел мұңын
Көтеріп жүрген күйшімін...

Саранжап айтты:
— Ұқтым мен,
Қоймаспын сені мазақ қып.
Төреге кекті тұтқын ба ең,
Әперем өзім азаттық.

Жігерді сөнбес жұр от қып,
Алдында тұрсын көр мейлі.
Болса да батыр бір оқтық,
Күйлерің мәнгі өлмейді.

Тез кету керек қапастаи,
Тез қашу керек тұрмеден.
Қалқалар сені қара аспан,
Серігің болар түн деген.

Бөгелме енді, Құрманым,
Бостандық күтіп тұр алда.
Кеуденде лаулап нұр-жалын,
Достыққа өшпес күй арна...

Белгілі болды барап жак,
Уақыт тар енді тұрысқа.
Күзетші итті Саранжай,
Тастапты байлап бұрышқа.

Қабағы түннің түйілді,
Барады Құрман егіле.
Жып-жылы шуақ құйылды,
Күйшінің көкірегіне.

Сазымен күйдің білдірмек,
Тұрмеде туған бірлікті.
Қоштасар сэтте күмбірлең,
Домбыраға да үн бітті.

Шанақтан соңда қоздады,
Шарпуы күшті бір жалын.
Тереңнен күйші қозғады,
Кеудеде тұнған мұң-зарын:

— Ажал боп ашып аранын,
Азапқа салды заманым.
Ауыртпалығынан жаланың,
Жанымды жеген жара мың.
Сәнбеймін, бірақ, жанамын
Таймайды жолдан табаным.
Бұлыңғыр мына дүниеден
Әділдік іздең табамын.
Бас идім бүгін, Саранжап,
Батыр мен күйші өсірген
Ұлылығына даланың!..

Жіберді жалғап бұл екпін,
Сезімнің нәзік қос тінін,
Бірлескен күшін білектің —
Қалмақ пен қазақ достығын.

Ер көңіл, шіркін, осал ма!
Шыдап та бакты егілмей.
Қос ғашектен акты қос арна —
Ақ Жайық пенен Еділдей.

«НЕ КРИЧИ, НЕ ШУМИ!»

О, туған жер!
Жүрегіммен сырың бір.
Ой-шұқырың —
Бірің күй де, бірің жыр.
Кең төсінде әділдік пен жауыздық,
Ариалысқан көне кездे бұлыңғыр.

Содан бері есепсіз жыл, өтті күн,
Қаһарлы күй, құлағыма жетті үн.
Міне паром, жағалауда тұр әлі
Сол күндердің күәгері бол бүгін.

... Тастан шыққан қаладағы түрмесін,
Сезік те көп қашқын сұyt жүргесін.
Жетті Құрман кештетіп бір паромға
Өтсе болды,
аржақ — ауыл іргесі.

Жүртпен бірге түсे беріп,
бір аттаң,
Урядникті көзі шалды жырақтан.
Бой тасалап кетпек еді ол,
кенет,
Жауыз тыңшы ұстап алды бірақ та.

— Хе-хе-хе!
Колға түстің, қашқыным,
Жаңың барда айт:
түрме есігін ашты кім?!
Байлап-матап, алып барсам алдына,
Мандайымнан сипамай ма бастығым!..

— Жансыз, жендет, не кричи, не шуми,
Адамша ойлап түсінбейтін сен су ми.
Зұлымдықтың қолындағы шоқпарсың,
Соны жүртқа масқаралап берсін күй!

Осыны айтып басты Құрман пернені,
Күй-шанақты кекті жалын кернеді.
Арсылдаған итаршысын ұлықтың,
Топ алдында күйші осылай жерледі.

Арғы бетте тұрғандар да қараңдал,
Үйіп тегіс тыңдал қалды паромда.
Күй-құдірет баурап алды маңайды
От-кеудеден шыққан ыза бар онда.

Бұлқан-талқан мынау үннің түй сырын,
Тыңдай бер тек құлақ тоса сүйсініп.
Су үстінде жай оғындаі жарқылдал,
Үні еседі кекті болған күйшінің.

Күйге балқып орыс, қазак, қалмақ тұр,
Іштей бәрі мылтықтыны қарғап тұр.
Асау сарын жүректерді қапалы
Күймен тербел, бір-біріне жалғап тұр.

Көбік шаша толқын сақ-сақ күліп тұр,
Бүйра терек жұдырығын түйіп тұр.
Сұм заманның екі бірдей жендеті
Лапылдаған ар отына күйіп тұр...

Құрманғазы — күй-әлемнің қыраны,
Дейді мақтап бүгінгі ұрпақ жыр-әні.
Нажағай күй, қамшы үйірген сол күнге
Осы паром куә болып тұр әлі.

АЛТЫНЖАР

Құрманғазы зиратында

Бұл күнде Алтынжарды кім білмейді,
Сол жерден бабам үні күмбірлейді:
«Қытымыр тар заманда күй-шанақпен
Қазақтың мұңын шертіп жүрдім» дейді.

Күйші ата, келіп сенің зиратыңа,
Бас идім барша ұғымға сыйлы атыңа.
Рухыңмен өнердегі өшпейтүғын
Айналдың әuletінің қимасына.

Арқалап қатал тағдыр азабын мың,
Сазымен қанат қағып ғажап үннің.
Жетіп сен жығылыпсың құшағына
Кос айдын — Ақтоба мен Бозаныңың.

Үзілмес қас өнермен дос өзегің,
Косшегі домбыраңың — қос өзенің.
Әлемнің құлағында мәңгі қалар
Атақты күй жүртүңүң көсемі өзің.

АХМЕТ ЖҰБАНОВҚА

Ғасырлардың пернесін басып көріп,
Халық туған өнердің ашып төрін.
Құрманғазы бабамиңүң жүргегімен
Айжан қызға өтіпті ол ғашық болып.

Жетеледі биікке жасында арман,
Бұлбұл үнін тыңдады ғасырлардан.
Өтті сосын өнердің нөсері бол,
Ал соңында жарқылдал жасын қалған.

Жан-тәнімен сүйген соң ол халықты,
Абай болып бір ауық толғаныпты.
Содан мынау музыка әлемінде
Ахаң салған ак сүрлеу жол қалыпты.

СҮЙІНДІК

Байтақ өлкө әсем саздың ырғагына малынып,
Тербеледі кербез дала мақпал гүлдер тағынып.
Таңың самал қанатымен қалықтайды асқақ үн
Келгейнде алыс жолдан туған жерді сағынып.

Нарын құмда бір ауыл бар Сүйіндік деп аталған,
Адамы бар еңбек сүйіп жалындардан от арман.
Ақ жүректен актарылып, шырқап жатса әсем ән,
Жадыраған жаз көнілді жырға қоспай жата алман.

Сүйіндік деп атады ма сүйгендіктен дос жанын,
Іздел барып ақындар да жазар талай дастанын.
Жайлайуы құт, ырысы мол, пейілі кең ауылда
Қыран-көкте қалықтайды ерке назды асқақ үн.

* * *

Туған жердің таңы қандай нұрланған,
Құн шуағы — сәулесіндей нұрлы арман.
Көктемдегі әні қандай әдемі
Бозторғайдың таңдайымен жырланған.

Жұпар самал өпкен шақта бетінді,
Жаның ракат күйге енеді не түрлі.
Туған жердің табиғаты әсерлі
Шалқыған бір шабытты жыр секілді.

ҚАРА ӨЛЕҢ

Қара өлең —

Қазақ мінген қара жорға,
Тұсіп ап сайрап жатқан сара жолға,
Ілесіп Пушкин,

Байрон,

Шекспирге,

Музаның ауылына барады ол да.

Кастерлеп қайран жұртым қара өлеңін,
Салады сол өлеңге бар өнерін.
Білген ол құмай-жүйрік қызыл тілде
Абай боп,
алыптармен теңелерін.

Қара өлең —

Қара жорға тақымдағы,
Құдіретін сансыз жүрек мақұлдады.
Тұлетіп жыр-шабытын қазағымның
Келеді сұлуланып ақын жаны.

Өмірдің өрге сүйреп өркен жібін,
Көрсеткен өнерлігे төр кеңдігін.
Мәңгілік сыны кетпес асылдайын
Қара өлең —

Қазағымның көркемдігі.

НУРЖАУДАҒЫ БӘЙТЕРЕК (Толғау)

Совхоз директоры
Мұғал Науырызбаевқа арнаймын
Автор.

Л. И. Брежнев жолдастың «Тың» атты кітабындағы бір кейіпкер москвалық журналистермен кездескенде былай деген: «Біз қазір совхоз директорын құрылышты қалай салатынына, адамдардың еңбек етуіне, тұрмысына және мәдени демалуына қашалықты жағдай туғыза алатынына қарай бағалаймыз».

«Культурно-просветительная работа» журналынан.

I.

Өмірді сұру үшін дәл,
Басылып жатыр қадамдар,
Күшіңе лайық ісің бар,
Ісіңе лайық бағаң бар.

Біреулер күнін көреді,
Қыннан жанын қорғаштаі.
Біреулер жүріп келеді,
Тың жерден сүрлеу жол бастап.

Осындай іскер бір ұлды,
Бөледің бүгін сыйға мын.
Көтеріп көкке бұрынғы
Ауылдың «қара сирағын».

Абырой қонар жігіттің,
Алдымен абзал ісін үк.

Карсы алар оны күліп күн,
Жарасып бойда кіслік.

Жақсылық десе ол көпке
Аямай бәрін істейтін.
Кезінде шәкірт мектепте
Ерекше көзге түспейтін.

Қарамай қыста мұз-қарға,
Сабакқа ерте келетін.
Жаураған жолда қыздарға
Пальтосын шешіп беретін.

Артық қып қара басынан,
Ойлайтын қамын өзгенің.
Жаттап ол өсті жасынан
Жақсының жайсаң сөздерін.

Қынға құлаш серметкен,
Алынды қүшпен әр қия.
Ер жетті өсіп еңбекпен,
Шыңдады оны партия.

Алдынан туды арай нұр,
Болашақ жолы басталып.
Келеді міне талай жыл
Шаруашылық басқарып.

II.

Бұл ауыл — балықшылар тұрағы еді,
Көңілің бір көргенде-ақ құлар еді.
Жел соқса сыйдырласып, сыр шерткен
Қек майса өзен бойы құрақ еді.

Шығарған балықшылар баршаға атын,
Әр таңды табыспенен қарсы алатын.
Көл жақта екеу ара сұнқылдастып,
Ақкулар тымық кеште ән салатын.

Сарғайған түсіндей бол жапырактың,
Осы бір сәні кетті атыраптың.
Арнаның су тартылып, өңі қашып,
Жел қуған қалды басып топырак-құм.

Жоғалып сумен бірге балық кетті,
Жарагын балықшылар алғып кетті.
Қоштасып ақкулар да базарымен
Соңғы әнін сыңсыта бір салып кетті.

Мал үні ауыл үсті жамыраған,
Думанды, көңілді еді дабырлаған.
Аз жылда ғайып болды бәрі соның,
Көп қыстау иесіз қалды қаңыраған.

Нені де өзгертпей ме батыл арман,
Батыл іс, нан-тұзынан татырадар дәм.
Сырт көзге өзгергенмен,
бұл селоның
Сүйкімді Нұржау деген аты қалған.

III.

Осы ауылды көр бүгін тамашалап,
Дәuletіне сәулеті жарасады-ак.
Өнер жайын шертеді әрбір үйде
Құрманғазы ұстаган қара шанак.

Асықпасаң көруге кеш қаласың,
Көрсөң, тағы кемінде бес барасың.

Ақ шаңқандай ақ үйлер көз тартқанда
Көлде жұзген аққуды еске аласың.

Бұл мекенге өз басым неше келдім,
Тоя алмадым көркіне қошелердің.
Табиғатты көндірген әміріне,
Адамдары асыл ғой өсер елдің.

Ұлгі менен көресің өнегені,
Куанышқа кеуден де кенеледі.
Сахнада кешкісін ән шырқайды
Жібері мен Жайықтың Төлегені.

Макұл болар көруге асыққаның,
Көрсөң шабыт желпиді, тасып қаның.
Жасыл нұлы жағада дүрсілдейді,
Ынтық болған жүрегі ғашықтардың.

Өркен жайып, өскені дұрыс болған,
Мұсінделіп кәдімгі құрыш қолдан.
Жаса, Нұржая, жаңарып, өркен жайып,
Іргесіне бақ қонған, ырыс қонған.

Сарқылмасын тасқындал соны күшің,
Әзгелерге өнеге болып ісің.
Отау тіккен совхозды осындағы
«Октябрь» деп атаған соның үшін.

Ұлы Октябрь — ұлы есім мағыналы,
Содан барлық күш-куат табылады
Ильич нұры жарқырап күндіз-түні
Құбырларда су жатыр ағып әні.

Дәріптеуге қойғандай сыйымды қып,
Көрген көзді көркіне сүйіндіріп,

Сәнгө бөлер селоны жасыл ағаш
Жасыл көйлек қойғандай киіндіріп.

Жанға сыйласп жақсы салт, жарқын әдеп,
Қызмет еткен мәдени халқына көп.
Жазда кино қоятын театрды
Шат көңілмен атапты «Шалқыма» деп.

Шалықтаған күлкіні бақ тасыған,
Естисің сен балалар бақшасынан.
Клуб, сансыз пәтер үй салынуда
Маңғыстаудың шыққандай ақ тасынан.

Құрылыс!
Құрылыс!
Ауызда ұрандары,
Құрылыс салмай тынымды бір алмады
Сол құрылыспен биікке бой көтермек
Бұл ауылдың қанатты қырандары.

Қадам басқан әр істе алымды қып,
Жетектеген ілгері жалынды үміт.
Бұл ауылдың адамын кездестірсөң
Айтқызбай-ақ тұрады жаныңды ұрып.

Мол жайылып жатады дастарқаны,
Қонағына сый қылып бас тартады.
Ұлғі-өнеге, жақсылық — бәрі осында,
Ұмытылмайды қашан да жастар қамы.

Айта берсөң мадақтар үлгісі көп,
Қонақтайды жақсылық жыл құсы бол.
Кейде бұлтар басады Нұржая үстін
Шөл қандыра бір ауық құйғысы кеп.

Жайнаса егер тап осы нұр ауылда,
Бір негіз бар жырымды құрауымда.

Әр әуенниң арқауы — өз бастауы
Домбыраның тұрғандай бұрауында.

Тамашаға тойдырып тастар әлі,
Құм үстіне орнатқан жас қаланы.
Бар қамқорлық, ұсыныс, бүйрек, нұсқау,
Директордан алдымен басталады.

Бірінші бол ойлайды ол адам қамын,
Әр жүректе содан соң жана жалын.
Сыннан өткен сұңғыла білгірлікпен
Іскерлікке баулиды мамандарын.

Еңбектенген елі үшін өр екпінді,
Жасымаған ауыр жүк сүйреп тұрлі.
Жаңбырдайын жаудырып алғыстарын
Жұрт мақтайды осы бір директорды.

IV.

Нар жігіт көрсөң Нұржауда,
Тұп-тура тапқан екем де.
Апарап осы жыр-жолдар
Мақтаулы сол бір мекенге.

Жігері қызу жалынды,
Мейірімді және бұл ағай.
Жұрағатындақ кәдімгі
Танисың оны сұрамай.

Жұртының жанын түсініп,
Жігермен жалын от өрген.
Карап болған кісінің
Қайғысын бірге көтерген.

Баршаға қуат дем бере,
Шалдығып, шаршап талмаған.

**Ол барда шаруа дәңгелеп,
Жұмыс та жетім қалмаған.**

**Әр іспен тауып келісім,
Кетеді қолдап кірісіп.
Клубта өнер желісін,
Жүреді бас бол құрысып.**

**Жақсылық іске жаны ұста,
Өзгеден тұрар жақын бол.
Мүшәйра қызған жарыста
Айтысқа түсер ақын бол.**

**Төтеден тың іс туғанда,
Өзінмен бірге ойласар.
Мейрамды шаттық думанда
Домбыра шертіп, той бастар.**

**Қыс күні боран аралас,
Қақаған аяз ақпанда,
Ертесін тұрып жалаңаш
Алады сұңғіп ақ қарға.**

**Баарда қойлы отарға,
Шынығып алса жаман ба?
Шығады соңсын сапарға,
Күн тумай елең-алаңда.**

**Шығады кейде тұнімен,
Тынысын барлап малшының.
Жүреді атпен күнімен
Соқса да сұық салқының.**

**Абдырап сасқан жоқ әлі,
Күм дауыл борап соқса да.
Міндегі түрде соғады
Мектеп пен бала бақшага.**

Айтсам мен сөздің нақ шынын,
Құрметті ол қарт пен жасқа да.
Ақсақалдарға жақсы іні,
Жас жігіттерге жақсы аға.

Жақын-ақ жанға жүрегі,
Тыңдай бер сырын ұйып тек.
Жаңалық десе бір елі
Қалады бойы биқтеп.

Кездесе берсе дос ұдай,
Куанбай оған қайтер ек.
Құрметтім менің осындай —
Нұржауда өскен бәйтерек.

Кестедей тоқып көңілге
Қалдырмай бәрін тізіп ал.
Осы бір ғажап өңірде
Өшпейтін оның ізі бар.



М А З М Ұ Н Ы

Бірінші бөлім

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТӨСІНДЕ

| | |
|-----------------------------------|----|
| Бақыт бастауы | 6 |
| Жұмысшы | 7 |
| Миллиард | — |
| Тындағы трактор | 8 |
| Жыр арқауы | 10 |
| Жалынды жастық | 12 |
| «Келеді елім...» | 13 |
| «Адам болу...» | 14 |
| «Ауырдың үсті...» | — |
| «Мұрша болмай...» | 15 |
| Көніл көркі — туған жер | 16 |
| «О, туған жер!..» | 17 |
| «Туған жерге...» | 18 |
| Нарында | 19 |
| «Арғымактай бәйгеде...» | — |
| Қанды қаза (баллада) | 20 |
| Алатау | 22 |
| Есік күзі | 23 |

Қапал көріністері

| | |
|--------------------------------------|----|
| «Баянжүрек» | 25 |
| «Үйқыдағы ару» | — |
| «Тамшы бұлақ» | 26 |
| «Баянжүрек бауыры...» | 27 |
| Көктем әуендері | — |
| Күз | 29 |
| Үндестік | 30 |
| «Жоғалмастан әлі күнге...» | — |
| «Жел де керек...» | 31 |

| | | | | | | | | | |
|------------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|----|
| Ауыл көріністері | : | : | : | : | : | : | : | : | 32 |
| Менің далам | : | : | : | : | : | : | : | : | 33 |
| «Оқтамашы мылтықты...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 35 |

Екінші бөлім

ЖАҚСЫЛЫҚ — ЖАН СЕРІГІМ

| | | | | | | | | | |
|---------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|----|
| «Уақыт...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 38 |
| «Жыр өнеді...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 39 |
| «Лайық болсан...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 40 |
| «Бүгінгі ұрпақ...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 41 |
| Әке сыры | : | : | : | : | : | : | : | : | 42 |
| Арнау | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Көрікті ғой...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 43 |
| «Ойлаймын деп...» | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Кең өлкемді...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 44 |
| «Бір ауық еркін...» | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Ойсыз босқа...» | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Аға сыйлау...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 45 |
| «Бұл өмірден...» | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Аялдашы...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 46 |

Үшінші бөлім

АҚЫН ЖҮРЕК — АРМАНШЫЛ

| | | | | | | | | | |
|---------------------|---|---|---|---|---|---|---|---|----|
| Музыка | : | : | : | : | : | : | : | : | 48 |
| Қос ішек | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Іскер адам...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 49 |
| Садыр палуан | : | : | : | : | : | : | : | : | 50 |
| Тілек | : | : | : | : | : | : | : | : | 51 |
| Махаббат | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Өзің ғой менің...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 52 |
| «Сөз ұғыссак» | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Калкам-ау...» | : | : | : | : | : | : | : | : | — |
| «Сұлу жайлыш...» | : | : | : | : | : | : | : | : | 53 |
| Достық әні | : | : | : | : | : | : | : | : | — |

| | |
|------------------------------|----|
| Абайға | 54 |
| Жұрек сыры | 55 |
| «Шырқап биік...» | 57 |
| Домбыра — ақын | 58 |
| Ақын мен ажал | 59 |
| «Көңіл — сәулө...» | — |
| «Ұмтылам деп...» | 60 |
| «Кеуделерге үнілем...» | — |
| «Сөз саптаудан...» | — |
| «Ұзу де бар...» | 61 |
| «Ойларым...» | — |
| Іздер | 62 |
| «Сықылықтап тұргандай...» | 63 |
| «Кейде мен...» | — |
| «Күмбездеп жырмен...» | — |
| «Айтайын саған...» | 64 |
| «Маған тағдыр...» | — |
| «Мені тындал...» | 65 |
| «Талмай тартып...» | 66 |
| Домбыра | 67 |
| Саранжап (баллада) | 68 |
| «Не кричи, не шуми» | 71 |
| Алтынжар | 73 |
| Ахмет Жұбановқа | 74 |
| Сүйіндік | 75 |
| «Тұған жердің...» | — |
| Кара өлең | 76 |
| Нұржаудағы бәйтерек (толғау) | 77 |

Марат Исаков

РАЗМАХ

Стихи

(На казахском языке)

Редактор *Б. Исаков.*

Художник *К. Утебаев.*

Худ. редактор *А. Сергеев.*

Техн. редактор *Н. Сайфуллина.*

Корректор *Ж. Нургожина.*

ИБ № 1666

Сдано в набор 29.01.81. Подписано к печати
3.04.81. УГ18043. Формат 70×90 $\frac{1}{32}$. Бум. тип.
№ 1. Литературная гарнитура. Высокая печать.
Печ. л. 2,75. Усл. п. л. 3,22. Уч.-изд. л: 3,1. Тираж
3700 экз. Заказ 527. Цена ~~35 коп.~~

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.

~~35 T. O-18~~

486